

Келес ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 маусымдағы № 28-206-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 5722 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабының 2 тармағына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келес ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын болып Абай ауылындағы Орталық стадионы алдындағы алаң айқындалсын.

2. Келес ауданында демонстрациялар мен шерулер өткізу үшін журу маршруты ретінде Абай ауылындағы Орталық стадионынан бастап Р.Табылдиева көшесі мен Т.Рысқұлов көшесінің қызылысына дейінгі аралық айқындалсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 28.10.2020 № 32-239-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Келес ауданында бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

4. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

5. Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 мамырдағы № 14-99-VI "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5080 тіркелген және 2019 жылғы 21 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің қүші жойылды деп танылсын.

6. "Келес аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Келес аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Н. Давлетяров

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Тотиков

Келес аудандық мәслихатының

2020 жылғы 22 маусымдағы

№ 28-206-VI шешіміне

1-қосымша

Бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану

ТӘРТІБІ

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын – Келес аудандық мәслихаты бейбіт жиналыстарды немесе шерулерді өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстар мен шерулер өткізу үшін арнайы орындардың материалдық-техникалық қамтамасыз етуі

№ п/п	Арнайы орын атауы	Материалдық-техникалық қамтамасыз етуі	Шекті толу нормалары
1.	Абай ауылындағы Орталық стадионы алдындағы алаң	-көше жарығы; -электр энергиясын қосу нүктесі; -бейне бақылау және бейне жазба камералары; -автотұрақ орны (1 кіру, 1 шығу).	200 адам

Жергілікті атқарушы органның өкілі хабарлама/өтініш бойынша оң шешім қабылданған кезде, бейбіт жиналыстың/шерудің ұйымдастырушысымен бір күн бұрын іс-шараны өткізу ережесін келесі сұраптар бойынша келісу үшін арнайы орынға барады

:

бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылардың айырым белгісі;

периметрі және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамасымен танысу мен анықтау үшін;

Занда көзделген жағдайларда бейбіт жиналыстар өткізу кезінде дыбыс деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін дыбыс күшейткіш

техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға;

БАҚ үшін арнайы белгіленген орын (лента немесе қоршаумен шектеу; фото-видео түсірілім және сұхбаттасу үшін жеткілікті көрінуді қамтамасыз ету);

бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауды;

Абай ауылдындағы Орталық стадионынан бастап Р.Табылдиева көшесі мен Т.Рысқұлов көшесінің қызылысына дейінгі аралықтағы шеру бағытымен танысу.

Бейбіт жиналыс өткізу күні ұйымдастыруши және оған қатысушылар:

өтініште көрсетілген мерзім аралығында арнайы орынның аумағында орналасады;

ғимараттардың, құрылышжайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтап, Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау туралы заңнамасын сақтайды;

бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушиның айырым белгісін тағып жүреді.

Келес аудандық мәслихатының

2020 жылғы 22 маусымдағы

№ 28-206-VI шешіміне

2-қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 02.08.2024 № 17-128-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Келес ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары 800 метр қашықтықта:

- 1) жаппай жерлеу орындарынан;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінен және оларға іргелес жатқан аумақтарынан;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарынан;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарынан;
- 5) магистральдық теміржол желілерінен, магистральдық құбыржолдарынан, ұлттық электр желісінен, магистральдық байланыс желілерінен және оларға іргелес жатқан аумақтарынан айқындалады.